

"Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алу және орнату үшін ақыны өндіріп алу мөлшері мен тетігін келісу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2006 жылғы 7 тамыздағы № 192-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 19 қарашадағы № 289-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 14 желтоқсанда № 8199 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алу және орнату үшін ақыны өндіріп алу мөлшері мен тетігін келісу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2006 жылғы 7 тамыздағы № 192-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4358 нөмірмен тіркелген, "Ресми газет" газетінің 2006 жылғы 23 қыркүйекте № 39 (300) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алу және орнату үшін ақыны өндіріп алу мөлшері мен тетігін келісу ережесінде:

3-тармақтың 1), 2), 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) есептеу құралы - заңнамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтыну көлемін есептеуге арналған техникалық құрылғы;

2) төлем құжаты - табиғи монополия субъектісінің құжаты (есептеу құралдары көрсеткіштерінің негізінде жасалған шот, хабарлама, түбіртек,

ескерту шоты) оның негізінде реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) төлем жүргізіледі;

3) тұтынушы – табиғи монополия және реттелетін нарық субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланушы немесе пайдалануға ниеттенуші жеке немесе заңды тұлға;"

4-тармақтың екінші бөлімі алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Үй-жайлардың алаңына не тұрғын үйдегі пәтерлердің санына қарай Ақы және Ақыны өндіріп алу мерзімі сараланады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Субъект ақыны бекіту туралы бұйрықты уәкілетті органға қарауға және келісу үшін Кестені, сондай-ақ Субъектінің реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есептеу құралдарын сатып алу және орнату шығындарын негіздейтін есептерді және құжаттарды қоса бере отырып, оған қол қойған күнінен бастап 3 жұмыс күн ішінде ұсынады. Негіздеуші материалдардың әрбір парағына Субъектінің бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға қол қояды.";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Уәкілетті орган Субъектінің Ақыны бекіту туралы шешімін және Ақы есебіне негіздеуші материалдары қарау нәтижелері бойынша Субъектіге келісілгені туралы хат жібереді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Субъект ұсынған Кестені облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жолдайды.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ақпарат құралымдығы коммерциялық құпия уәкілетті органға оны ұсынудан бас тартуға негізі болып табылмайды, бұл ретте Субъект және өзге де мүдделі тұлғалар уәкілетті органға ақпаратты ұсынған кезде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің тізбесін айқындайтын ішкі актінің қосымшасын қоса бере отырып, коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін көрсетеді.";

11-тармақ алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Құбыржолдары және су кәрізі жүйелері саласындағы реттеу департаменті (А.Г. Асқарова):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланғаннан кейін осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (С.П. Базарбаев) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін, кейін жарияланғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне ұсынсын;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.В. Шкарупаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

М. Оспанов